

## Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі кеңес туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 13 ақпан N 2042.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.04.01. N 2165  
Жарлығымен.

Құқық қорғау органдарының, министрліктер мен ведомстволардың қылмысқа қарсы күрес, құқық бұзушылықтың алдын алу, ұсыныстарды талдап жасау жөніндегі қызметін одан әрі жетілдіріп, оның тиімділігін арттыру және жұмыс тәжірибесін қорыту мақсатында қаулы етемін:

Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі кеңес туралы осыған қосылған ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
1995 жылғы 13 ақпандағы  
N 2042 қаулысымен  
бекітілген

## Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі кеңес туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1. Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі кеңес (бұдан былай - Кеңес) өз қызметінің мәселелері бойынша Президентке есеп және оның алдында жауап беретін республикалық үйлестіруші-кеңесші орган болып табылады.

2. Кеңес өз өкілеттігін кез келген басқа мемлекеттік органдардан, лауазамды адамдардан және қоғамдық бірлестіктерден тәуелсіз Қазақстан Республикасының , заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерімен өзара бірлесіп іс-әрекет жасай

отырып жүзеге асырады. Кеңес өзінің жұмысында Сыбайлас жемқорлық пен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес жөніндегі республикалық комиссиямен өзара бірлесіп іс-әрекет жасайды.

3. Кеңес өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Президенттің жарлықтарын, қаулылары мен өкімдерін және осы Ережені басшылыққа алады.

4. Кеңестің адам құрамын Қазақстан Республикасының Президенті анықтайды. Кеңес мүшелері мәжілістерде ауысу құқығынсыз қатысады.

## II. Кеңестің негізгі міндеттері

5. Қылмыстық жағдайға талдау жасау, қылмысқа қарсы күрес, азаматтардың конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі шаралар жиынтығын әзірлеп, жүзеге асыру, республикада қылмысқа ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау.

6. Республикалық және жергілікті өкімет пен басқару органдарының, құқық қорғау және бақылаушы органдардың қылмысқа қарсы күрес, сондай-ақ құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі қызметін үйлестіру.

7. Қазақстан Республикасының Президентіне, Жоғарғы Кеңесіне және Министрлер Кабинетіне қылмысқа қарсы күрес және оның алдын алу жөнінде жедел, ұйымдық және қажет болған жағдайда заңдық шаралар қолдануға ұсыныстар мен ұсынымдар дайындау.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің қылмысқа қарсы күрес мәселелері жөніндегі жарлықтарының, қаулылары мен өкімдерінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру.

9. Қазақстан Республикасының Президентін, Жоғарғы Кеңесі мен Министрлер Кабинетін қылмыстың және оған қарсы күрестің жай-күйі туралы хабардар етіп отыру.

## III. Кеңестің құзыры мен өкілеттігі

10. Кеңес өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардың қылмысқа қарсы күрес, ведомстволардың өзара іс-қимылы және осы проблемаға көзқарас жиынтығы мәселелері жөніндегі қызметінің практикасын зерделейді.

11. Кез келген мемлекеттік басқару органдарынан, жергілікті әкімшіліктерден қылмысқа қарсы күрес мәселелері бойынша ақпарат, құжаттар мен материалдар сұратып алады.

12. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың,

жергілікті әкімшіліктердің, басқа да мемлекеттік органдардың басшылары мен лауазымды адамдарының құқық бұзушылыққа қарсы күрес мәселелері бойынша есептерін тыңдайды.

13. Кеңестің мәжілістерінде қылмысқа қарсы күрестің проблемалық мәселелерін қараудың қорытындылары бойынша құқық қорғау органдарының, министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, жергілікті әкімшіліктердің атына ұсыныстар қабылдайды, бұлар қарау үшін міндетті болып табылады. Ол ұсыныстарды қараудың нәтижелерін бақылауды қамтамасыз етеді.

14. Кеңестің:

- қажет болған жағдайда қылмысқа қарсы күрес проблемаларын зерделеуге және тексеру жүргізуге мемлекеттік басқару органдарының, құқық қорғау органдары мен өзге де мекемелердің мамандары мен қызметкерлерін тартуға;

- қылмысқа қарсы күрес және құқық бұзушылықтың алдын алу мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының заңдарын, Жоғарғы Кеңестің қаулыларын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін толық, уақтылы және сапалы орындауды қамтамасыз етпеген лауазымды адамдардан түсіндірме талап етуге;

- Кеңестің қолындағы материалдар бойынша заңдарға сәйкес шаралар қолдану жөнінде құқық қорғау органдарына тапсырма беруге;

- мынадай:

қылмысқа қарсы күрес туралы заңдар мен өзге де нормативті актілердің тиісінше атқарылуын қамтамасыз етпеген басшылар мен лауазымды адамдардың жауапкершілігі туралы;

құқық қорғау органдарының құрылымын жетілдіру, олардың қызметінің басым бағыттарын анықтау жөнінде;

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

#### IV. Кеңестің жұмысын ұйымдастыру

15. Кеңестің жұмысы жарты жылға арналып әзірленетін жоспар негізінде жүзеге асырылады. Кеңестің мәжілістері екі айда кемінде бір рет, сондай-ақ қажет болуына қарай өткізіледі.

16. Кеңестің мәжілісін оның төрағасы, не оның тапсыруы бойынша Кеңес мүшелерінің біреуі өткізеді.

17. Мәжілістің нәтижелері бойынша көпшілік дауыспен хаттамалық шешім қабылданады, оған төраға (Кеңестің төрағалық еткен мүшесі) қол қояды. Шешім мүдделі министрліктер мен ведомстволарға, жергілікті әкімшіліктерге және өзге де органдарға жіберіледі.

18. Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының Зандылықты, құқық

қорғауды және сот реформасын қамтамасыз ету бөлімі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК